

## Қазақстан Республикасы Президентінің актілері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 26 қазан N 1951.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677  
Жарлығымен. ~U010677

Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік актілер шығару қызметінің сапасын арттыру, мемлекет басшысының актілерін даярлап, шығаруда жүйелілік негізді күшейту мақсатында, Қазақстан Республикасы Конституциясының 79-бабына сәйкес қаулы етемін:

#### 1. Былай деп белгіленсін:

Қазақстан Республикасының Президенті шығаратын актілер өзінің заңдық күші бойынша мынадай реттілікпен: жарлықтар, қаулылар, өкімдер болып о р н а л а с а д ы ;

жарлықтар - Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының негізінде және оларды орындау үшін; қаулылар - Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарының негізінде және оларды орындау үшін; өкімдер - Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен қаулыларының негізінде және оларды орындау ү ш і н ш ы ғ а р ы л а д ы ;

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен қаулылары нормативтік актілер күшіне ие бола алады.

2. Мынадай тәртіп белгіленсін, соған сәйкес Қазақстан Республикасының П р е з и д е н т і :

#### а / ж а р л ы қ т а р м е н :

мемлекеттік егемендікті, конституциялық құрылысты, Республиканың аумақтық тұтастығын қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдайды;

Премьер-министрді, Премьер-министрдің орынбасарларын, Министрлер Кабинетінің мүшелерін, Президент Аппаратының Басшысын, мемлекеттік кеңесшілерді, Қауіпсіздік кеңесінің хатшысын, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Бас бақылау инспекциясының төрағасын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерін, Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын қызметке тағайындап, қызметтен босатады;

Министрлер Кабинетінің құрамын белгілейді;  
министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар құрып, таратады  
ж ә н е қ а й т а қ ұ р а д ы ;

Министрлер Кабинетінің, министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен  
ведомстволардың, жергілікті әкімдердің актілерінің күшін жояды немесе толық  
не болмаса ішінара кідірте тұрады;

Қауіпсіздік Кеңесін, өзге де кеңесші-консультативтік органдар құрып,  
олардың құрамын қалыптастырады;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесімен консультациялар алысудан  
кейін референдум өткізу жөнінде шешім қабылдайды;

Қазақстан Республикасының азаматтығын беру және азаматтығынан шығу,  
саяси баспана беру мәселелерін шешеді;  
азаматтарға кешірім жасау мәселелерін шешеді;

тек азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және конституциялық  
құрылысты қорғау үшін ғана уақытша шара ретінде төтенше жағдай енгізеді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтайды,  
Қазақстан Республикасының жоғары дипломатиялық дәрежелері мен әскери  
атақтарын, құрметті және арнаулы атақтарын береді;

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабының екінші бөлімінде  
белгіленген жағдайларда, Жоғарғы Кеңеспен келісе отырып, Республиканың  
Вице-президентін тағайындайды;

Республика Конституциясының 85-бабының үшінші бөлімінде белгіленген  
жағдайда Министрлер Кабинетінің немесе Министрлер Кабинеті мүшесінің  
орнынан түсуін қабылдайды;

сот билігі және прокуратура органдарымен өзара іс-қимыл мәселелерін  
шешуді ресімдейді;

б / қ а у л ы л а р ы м е н :

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қызметіне жалпы  
басшылықты және Қазақстан Республикасы Президентінің Министрлер  
Кабинетімен өзара іс-қимылын жүзеге асырады;

еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мәселелері  
жөнінде шешім қабылдайды;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларын бекітеді;  
заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету, мемлекеттік қорғаныс қабілетін  
нығайту жөнінде қажетті шаралар қолданады;

Министрлер Кабинетінің құрамына енбейтін өзге де республикалық  
мемлекеттік басқару органдарының басшыларын тағайындайды;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктерді жүзеге  
а с ы р а д ы ;

Қазақстан Республикасының Президенті Аппаратының құрылымын, Республика Президентінің Аппараты, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы кеңесші-консультативтік органдар мен өзге де құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді, Республика Президентінің Аппаратында іс жүргізу мәселелері жөніндегі нормативтік актілерді бекітеді;

в / ө к і м д е р і м е н :

әкімшілік-өкімдік басқару, жедел және жеке сипаттағы мәселелерді шешуді жүзеге асырады ;

Қазақстан Республикасы Президентінің құзырына сәйкес өзге де лауазымды адамдарды қызметке тағайындап, қызметтен босатады.

3. Мынадай тәртіп белгіленсін, оған сәйкес:

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен қаулыларына өзгерулер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ олардың күшін жою Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен;

қаулыларына өзгерулер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ олардың күшін жою Президенттің қаулыларымен;

өкімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ олардың күшін жою Президенттің өкімдерімен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бірдей актілерінің арасында алшақтықтар туындаған жағдайда, егер Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті актісімен басқаша белгіленбеген болса, күшіне кейінірек енген акті басшылыққа алынұға тиіс.

4. Қажет жағдайларда Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде шығаратын актілерінің нысанын өз бетінше белгілей алады .

5. Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін Министрлер Кабинетінің, орталық мемлекеттік басқару органдарының, жергілікті әкімдердің актілері жарамсыз болып табылады және күші жойылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне Министрлер Кабинетінің, жергілікті әкімдердің актілерінің сәйкестігіне бақылау жасау Президенттің Аппаратына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне орталық мемлекеттік басқару органдары актілерінің сәйкестігіне бақылау жасау Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасына жүктелсін.

6. Осы Жарлықтың атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Аппаратының Басшысына жүктелсін.

7. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК